«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ТЕРЕКТІ АУДАНЫ
ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР
КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ
ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» ММ

ГУ «ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-
КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА,
ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И
АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ
ТЕРЕКТИНСКОГО РАЙОНА
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

06.05.2026 ж № 34
Теректі ауылы село Теректі

**«Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
тікелей шарт жасасу арқылы
жүзеге асыру туралы»**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VII Заңының 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасының негізінде: «егер құндық мәндегі осындай біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін – төрт мың еселенген мөлшерден аспаса, біртекті тауарларды сатып алу республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мөлшері».

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мемлекеттік сатып алуды бәсекелес тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмауына байланысты, Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепное а/о, Тоқпай ауылы Жарқын-1, 18 үй мекенжайы бойынша бір көзден алу тәсілімен үш қабатты тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеуге шарт жасасу, жалпы сомасы 565 861 (бес жүз алпыс бес мың сегіз жүз алпыс бір) теңге 00 тиын, ҚҚС-сыз..
2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-шараларды ұйымдастырсын.
3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы **К.Есетов**